

### Список литературы:

1. Романов А.Н., Горощов В.С., Григорович Д.Б. Технология дистанционного обучения. – М.: Юнити-Дана, 2000. – 304 с.
2. Ибрагимов И.М. Информационные технологии и средства дистанционного обучения. – М.: Академия, 2007. – 336 с.
3. Трайнев В.А., Гуркин В. Ф., Трайнев О. В. Дистанционное обучение и его развитие. – М.: Дашков и Ко, 2006. – 296 с.

**Шинбулатова Канзада Бектыбаевна**  
Қостанай қаласындағы М.Хәкімжанова  
атындағы №20 орта мектептің директоры  
**Алгожина Толкын Шагировна**  
оқу-ісі жөніндегі орынбасары  
**Искакова Анар Кабдрахмановна**  
математика пәнінің мұғалімі

## БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ШАРТТАРЫ

### АННОТАЦИЯ

*Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде болып жатқан түбегейлі өзгерістер оқыту үдерісін озық технологиялармен қамтып жетілдіруді талап етеді. Педагогикалық технология оқу үдерісін іске асырудың мағыналы технологиясы болып табылады.*

*Инновациялық үдеріс – білім беру үдерісінде тұрақты жаңа элементтер кіргізетін, жүйенің бірінші жағдайдан екінші жағдайға көшуіне алып баратын жаңалық, жаңадан ендірілетін әрекеті болып саналады.*

*Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеру оқытушының интел лектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу, тәрбие үдерісін тиімді ұйымдасты руына көмектеседі.*

**Түйінді сөздер:** білім беру жүйесі, озық технологиялар, инновациялық үдеріс, жаңалық, тұрақты жаңа элементтер.

### АННОТАЦИЯ

*На сегодняшний день конкретные изменения в системе образования требуют наличие передовых технологии и их развитие в процессе образования.*

*Педагогическая технология является неотъемлемой технологией осуществления процесса образования. Инновационный процесс является действием, включающие стабильные новые элемен ты, это новост ь системы, переходящей с первого случая на второй, которая применяется заново в процессе образования.*

*Освоение сегодняшних передовых технологий в области образования помогает педагогу фор мировать интеллектуальные, профессиональные, нравственные, духовные, гражданские и многие другие качества, влияет на саморазвитие, на оптимальную организацию процесса образования, воспитания.*

**Ключевые слова:** система образования, передовые технологий, инновационный процесс, новост ь, стабильные новые элементы

### ABSTRACT

*Certain differences which are being in today's system of education requires providing educational process with front-rank technologies.*

*Pedagogical technology is a important technology which carries out educational process. Innovation process is a action, including permanent new elements, the news which helps to system to go across from first condition to second, the action, including again in educational process.*

*Learning today's education's front-rank technologies in educational area helps teacher to form intellectual, professional, moral, spiritual, civil and other many qualities, influences to selfdevelopment, to organize education, educator process.*

**Keywords:** educational system, front-rank technologies, innovation process, news, permanent new elements.

XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алуы үшін, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі. Елбасымыз Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті халық үшін», «Бәсекеге қабілетті экономика үшін» - деген жолдауында: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдың бірі» - деген. Қазіргі заман талабына сай, Елбасының халыққа Жолдауы білім беру ісінде де жыл сайын өзгерістер енгізіп отыр. Осы өзгерістерді жүзеге асыру үшін жаңа формациялы ұстаз қажет. Мұғалімдердің жаңа ұрпағы, білім деңгейі жөнінен әрдайым саналып келгендей, біршама емес, әлдеқайда жоғары болуы тиіс. Бұл-уақыттың талабы. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Ол - балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде жүзеге асырылуы орынды. Жаңа тұлға оқушыны дамыту жолдары: өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамушы тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Демек, мектеп оқушыларын ғылым-білімнің қоғамдық қажетті деңгейімен қамтамасыз ету, оларды Отандық, ұлттық және әлемнің мәдениет арналарына сусындату қажет.

Білім беруде инновациялық технологияларды пайдалану тиімділігін арттырудың жолдары өте көп. Соның бір жолы ретінде оқытудың жаңа технологиясын енгізуді атап өтуге болады. Мұғалімнің ақпараттық – коммуникациялық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қажет. Мұғалімнің ақпараттық - коммуникациялық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең маңызды мәселелердің біріне айналып отыр.

Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез-құлықтарын, ұстанымдарын мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді. Инновациялық іс-әрекет адамдардың шығармашылық жемісті қызметінің бір түрі және оған мотивациялық, креативтік, технологиялық, шартты компоненттер жатады. Сонымен қоса мотивациялық компонент педагогтардың педагогикалық жаңалықтарға деген сұранысын, ол жаңалықтарды қабылдау дәрежесін көрсететін кәсіби шығармашылық бағыттарының мазмұнын анықтайды. Креативтік компонент икемделу, өзгеру, қайта өзгеру, бар тәжірибені қайта жаңарту, оны педагогикалық жағдайларға ыңғайластыруды қамтамасыз етеуі қажет. Технологиялық (іс-қимылдық) компонент инновациялық іс-әрекеттің жүзеге асуымен байланысты, яғни жаңалықты педагогикалық үрдіске енгізу және оның жүру барысын, іске асуын бақылау деген сөз. Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай, жанашыл жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Сондықтан танымдылық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет. Бұл әдістемелік жүйенің басқа бөліктерінің де (мазмұн, әдіс, оқыту түрі мен құралдарының) өзара байланысы қалпында өзгертілуін талап етеді. Мұны орындау үшін төмендегідей ұстанымдар жүзеге асуы тиіс.

1. Оқушылардың өзіндік іздену іс-әрекетінің әдістерін меңгеру талап етіледі. Өйткені бұл әдістердің күнделікті пайдаланып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Яғни жаңа жағдайдағы "оқыту әдістемесі" деп отырғанымыз: "оқушы - мұғалім" ұстанымының өзара тығыз байланыстылығы. Демек, мұнда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылады.

2. Жаңаша оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері болып табылады. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат - оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Ал оқытудың фронтальды түрі көбінесе, бағыт беру, талқылау және түзету енгізуде ғана пайдаланылады.

3. Жаңа технологияның мақсаты бойынша "оқытуды ізгілендіру" қажет. Бұл үшін оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек.

Бұрынғы дәстүрлі оқулықтар мұндай талапты қанағаттандыра алмайды, сондықтан оқушылардың өз бетімен білім алуына аса бейімделген жаңа типтегі оқулықтар керек-ақ.

Оқытудың жаңа технологиясы жағдайында оқушылардың өздігінен жүргізетін танымдық іс-әрекеті үшін тапсырмалар күрделілігі төрт деңгей бойынша құрастырылып, ондағы барлық деңгейдегі тапсырмалар қызғылықты мазмұндалған болса оқушыларда ынталану пайда болады. Бұл жерде “үлгерімі кейіндеп қалып, өз құрбыларын белгілі бір себептермен қуып жете алмайтын оқушылармен қалай істеуіміз қажет?” деген сұрақ туады. Бұл мәселенің де оңды шешуі қарастырылған. Олар мыналар:

- барлық тапсырмаларды мезгілінде орындаған оқушылар үлгермеушілерге көмектеседі;
- сыныптың басқа оқушылары өздігінен жұмыс істеп жатқан кезде мұғалім үлгерімі төмен оқушыларға дербес көмек көрсетуіне уақыты болады.

Деңгейлік тапсырмаларды енгізудегі басты мақсат – сынып оқушыларын "қабілетті" және "қабілетсіз" деп жасанды әр түрлі жіктерге бөлуді болдырмау. Осы арқылы және дербес оқыту, сонымен қатар барлық оқушыға қатысты ізгілендіру ұстанымдары сақталады. Сондай-ақ деңгейлеп оқыту барысында оқушының бірінші деңгейдегі тапсырмаларды дұрыс орындағаны есепке алынып отырады. Демек, қандай оқушы болсын, өзінің жақсы оқитындығына қарамастан "оқушылық міндетті", яғни бірінші деңгейдің жұмысын орындаумен бастайды. Нәтижеде бұл барлық оқушыларды тірек білімімен қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы талаптарына сай міндетті бірінші деңгейді толық игеруін жүзеге асырады. Мұндай есепке алу (зачеттік) жүйесін жүргізу нәтижесінде үлгерімі нашар оқушылар кем дегенде "оқушылық" деңгейге сәйкес білімді толық меңгерді. Өйткені алғашқы деңгей тапсырмаларын толық және дұрыс орындамайынша олар келесі деңгейге көшпейді. "Міндетті" деңгейді толық меңгерген оқушы әрі қарай ілгері ұмтылады, өзіне өзінің сенімі артады. [1, с. 96].

Жалпы жаңа педагогикалық технологияда бағалау үрдісі арнайы "қосу" әдісімен жүзеге асырылады. Бағалау жүйесінде оқушы білімінің ең төменгі деңгейі негізге алынады және ол деңгей мемлекеттік стандарттың ең төменгі талабына сәйкес келеді. Дарындылығына, бейімділігіне, жоғары даму деңгейіне қарамастан оқушылардың барлығы бірінші деңгей тапсырмаларын дұрыс орындауы шарт. Бірінші деңгейдегі барлық дұрыс және мезгілінде орындалған тапсырмалар "есеп-зачетка" алынып отырады. "Зачеттің" "екіліктен" айырмашылығы: бірінші деңгейдің "есепке алынбаған" тапсырмалары қашан "есепке алынғанша" міндетті түрде, қайта-қайта тапсырыла береді.

Өзін-өзі бағалау "қосу" әдісімен жүргізілетіндіктен оқушы бұрынғыдай "екілік" аламын деп қорықпайды. Сөйтіп оқушыда жоғары ұпай жинауға деген талпыныс пайда болады. Ол дұрыс орындалған тапсырмалардың санына ғана тікелей тәуелді.

КРИТЕРИЙ	I	II	III	IV	V
ӘДЕМІЛІГІ	★	★	★	★	★
МАЗМҰНДЫЛЫҒЫ	★	★	★	★	★
ҚОРҒАУШЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ҰСТАУЫ	★	★	★	★	★
ҰЙЫМШЫЛДЫҒЫ	★	★	★	★	★



1 сурет. Топтарды бағалау. 2-сурет. Кері байланыс түрлері.

Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды. Жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту технологиясында оқу пәндері әдістемелері мен білім беру технологияларын жоспарлау жүйесі қолданылады.

Пәндердің әдістемесін қолдануды жоспарлау мынаған келіп тіреледі, яғни әр оқушының өз кезеңі барысында мұғалім оған қажетті әрбір жаңа педагогикалық технологиялар мен әдістемелерді міндетті түрде пайдалануы қажет. Бұл үшін мына төмендегі түсініктерді ескерген жөн:

- қатар отыратын екі сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктері мен білім деңгейлерін ескеру;
- әдістеме мен технологияның сабақтастығы;
- оқушының өз бетінше іс-әрекет жасау тәсілдерін меңгеруіне мұғалім тарапынан көмек беруді біртіндеп азайту;
- параллель сыныптардағы сынып топтарының ерекшеліктерін ескеру;
- мұғалімдердің ықыласы мен шеберлік деңгейінің, болуы т.б.



3-сурет. Топпен жұмыс. 4-сурет. Оқушылар салған постер. 5-сурет. Топтарды бағалау.

Сонымен, білім мен тәрбие беру - бұл республика азаматтарының құзыретін және адамгершілік, ақыл-ой, мәдени дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған үздіксіз педагогикалық процесс. Қазақстан Республикасында жастарға білім беру процесі халқымыздық ұлттық дәстүр салтына, мәдениетіне, экономикасына және саяси өміріне негізделіп іске асырылады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Білім туралы. Қазақстан Республикасының Заңы. - Алматы: Литера, 2000ж.- 96 б.
2. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения. Ақтобе. РИПК СО, 1999 ж.
3. Қазақстан Республикасы “Білім мемлекеттік бағдарламасы” / Қазақстан мұғалімі. – 2000. - №33-34
4. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан,1994ж.
5. Қазақстан Республикасында орта білімнің дамыту тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан,-1997, 34б.